БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 8 (9326) | 1954 жылғы 12 январь Сейсенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тиын.

*Қазақстан Коммунистік партиясы VII съезі қарсаңындағы күндерде бүкіл республикамыздағы сияқты біздің облысымыздың еңбекшілері де социалистік жарысты өрістете түсіп, съезге лайықты өндірістік тартулар әзірлеуде.*

*Социалистік жарыс туын жоғары ұстайық!*

## Мектептерде оқу-тәрбие жұмысының дәрежесін жақсарта берейік

Кемеңгер көсемдеріміз В. И. Ленин мен И. В. Сталин совет адамдарының мәдени дәрежесі мен саяси саналылығын арттыру коммунизм орнатудың маңызды шарттарының бірі болып табылатынын әрдайым үйретіп отырды. Коммунистік партия мен Совет Үкметі ұлы көсемдеріміздің бұл өсиетін өз істерінде басшылыққа алып, халықтың білім алуына, мәдени дәрежесінің өсуіне үнемі көңіл бөліп, зор қамқорлық жасап келеді. Бұған тек мына фактінің өзі ғана — ССРО Жоғарғы Советінің V сессиясының халық ағарту ісі мен мәдениет шараларына 1953 жылға арнап 52 миллиард сом қаржы бөлгендігі айқын дәлел бола алады.

Совет мектебі —идеологиялық жұмыстың маңызды участогі. Оның негізгі мақсаты—жасөспірім жеткіншектерді ғылым негіздерімен қаруландырып, оларды коммунистік рухта тәрбиелеу.

Қазір оқушылардың қысқы демалысы аяқталып, мектептеріміз оқу жылының екінші жарты жылдығына кірісті. Осыған байланысты оқу орындарының, облыстық және аудандық оқу бөлімдерінің қазіргі басты міндеті—алғашқы жарты жылдықта қол жеткен табыстарды баянды етумен қатар, онда кездескен кемшіліктерден тиісті қорытынды шығарып, оқушыларға саяси-идеялық және политехникалық тәрбие беру ісін бұрынғыдан да жақсарта түсу болып табылады.

Оқу жылының алғашқы жартысының қорытындысы және оқытушылардың январь конференциялары көптеген мектептердің оқу-тәрбие жұмыстарын өткен жылдардағыдан әлде қайда жақсартқандығымен қатар, кейбір мектептерде жас буындарды оқытуда, тәрбиелеуде елеулі кемшіліктердің орын алып отырғандығын айқын көрсетті. Атап айтқанда, көптеген мектептерде оқу-тәрбие жұмысы өте нашар жүргізіледі. Бұған мысал ретінде Преснов ауданын (аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Оспанов жолдас) алуға болады. Өзгені айтпағанның өзінде, бұл аудан да оқу жылының бірінші жартысында 1234 оқушы сабақ үлгере алмады. Ауданның көптеген мектептерінде оқу-тәрбие жұмысын жақсарту ісі жолға қойылмай келеді. Ең алдымен, аудан мектептері қысқа нашар әзірлікпен келді. Сол сияқты, мұғалімдер кадрлары да іріктеліп алынбады. Көп мұғалімдердің тиісті педагогикалық білімі жоқ. Мәселен, Николаев

Облысымыздың кейбір мектептерінде бұл сияқты кемшіліктердің болуына, ең алдымен, облыстық және аудандық оқу бөлімдері кінәлі. Өйткені, олар мектептердегі оқу-тәрбие жұмысын жақсарту жөнінде шешуші шараларды деркезінде қолданбайды, әрбір мектептегі оқу-тәрбие жұмысын жете біліп, оған нақтылы, күнбе-күн басшылық жасап отырмайды.

Жас буындарды оқыту, тәрбиелеу — бүкілхалықтық, мемлекеттік іс. Жергілікті партия, совет, комсомол және кәсіподақ ұйымдары мектептерде оқу-тәрбие жұмысын жақсартуға күнбе-күн қамқорлық жасап, көмектесіп отыруға міндетті.

Коммунистік партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспары туралы директиваларында жалпы білім беретін мектептердің тәрбиелік маңызын онан әрі арттыру, орта мектепті бітіретін оқушылардың мамандықты еркін таңдап алуына толық жағдай жасау мақсатымен орта мектептерде политехникалық оқуды жүзеге асыру міндеті қойылды. Совет мектебі —коммунизмнің болашақ құрылысшыларын, білімді, саналы совет патриоттарын тәрбиелейтін орын. Сондықтан мектепте өтілген әр пән терең мазмұнды, жоғары, идеялы болуы қажет. Ол пәндер оқушыларды өз Отанын шексіз сүюге, советтік ұлттық мақтаныш рухында, Коммунистік партияға шексіз берілгендік рухында тәрбиелейтін дәрежеде оқытылуға тиіс.

Бұл міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыруда мектеп партия ұйымдары үлкен роль атқарады. Өйткені, ол педагогикалық коллективті бастаушы және оның істеріне бағыт беруші күш. Олар партия мен үкметтің мектеп өміріне байланысты қаулы-қарарларының жүзеге асырылуын, жастарға коммунистік тәрбие беруде мектеп коллективінің іскерлік, ұйымдастырушылық қабілетін арттырып отыруын қамтамасыз етуге міндетті.

Мектептегі педагогикалық кеңес—коллективтік ойдың орталығы болуға тиіс. Педагогикалық кеңестің іскерлік қарарлары мектеп өміріндегі оқу-тәрбие жұмысын жақсартуға бағытталған басты шаралардың бірі болып табылады. Бірақ, іс тек сол қарарларды қабылдаумен ғана бітпейді. Әңгіме сол қарарлардың іске асырылуына жағдай жасауда. Сондықтан педагогикалық кеңесте қабылданған әрбір қарардың іске асырылуын бақылап оты-

## Мал қыстатудағы кемшіліктер дереу жойылсын

☆ ☆

### Мал азығы ұқыпсыз жұмсалуда

Конюхов ауданындағы «Путь Ленина» колхозының малшылары мал қыстату маусымын ұйымшылдықпен бастады. Мұнда жемшөп мұқият есепке алынып, ол малға күн сайын норма бойынша өлшеніп беріледі. Қоралар жылы, таза. Малдың күйі жақсы, сауын сиырлар сүтті жаз күндегіден кем бермейді. Мұның барлығы мал өсірушілердің қажырлы еңбегінің нәтижесі. Бірақ, озат колхоздың жақсы тәжрибесі көпшіліктің игілігіне айналдырылмағандықтан, ауданның көп колхоздарында жағдай мүлде өзгеше болып отыр. Оларда мал азығының жеткіліксіз дайындалғандығына қарамастан оны қалай болса солай жұмсау фактілері бар. Мысалға Суворов МТС-нің қамтуындағы «Пятилетка» колхозын алайық. Мұнда қыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ жемшөпті ысырапқа ұшыратуға жол берілді. Тек соңғы екі айда ғана 800 центнерден астам жемшөп нормадан артық жұмсалды.

Аталған колхозда даладан қыстауларға шөп тасу жұмысы да нашар жүргізіліп келеді. Бұл жұмысқа бөлінген «ЧТЗ» тракторы өнімді пайдаланылмайды. Шөп тасуға жұмыс адамы мен көлік күштері жеткіліксіз бөлінген. Ал, колхоз председателі Жернов жолдас осы сияқты кемшіліктердің орын алуына төзіп отыр.

«Новый путь», «Искра» колхоздарында да жағдай осындай. Буларда мал азығы өлшенбей бейберекет жұмсалады. Жабайы жемшөпті турау, булау, араластыру ісі мүлде қанағаттанғысыз. Осының салдарынан «Новый путь» колхозында декабрь айында ғана 760 центнер шөп нормадан артық жұмсалды. Ал, «Искра» колхозында жемшөпті малға нәрлендіріп беру қолға да алынбаған. Колхоз председателі Самохин жолдас көп уақыттан бері сабан турағыш машинаны іске қоспай келеді.

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумы машина-трактор станцияларынан мал шаруашылығына басшылықты шұғыл жақсартуды талап етті. МТС мал фермаларындағы істелетін жұмыстарды механикаландыруда, еңбек өнімділігін арттыруда аса маңызды роль атқаруға тиіс. Ал, Суворов МТС-нің басшылары ең алдымен МТС-тің директоры Мотыгин, аға зоотехнигі Кособокова жолдастар бұл жұмысты елемей, мал шаруашылығына нашар басшылық жасап келеді. Олар колхоздарда малға жемшөпті нормаға сәйкес жұмсау, оны алдын ала өңдеп беру сияқты жұмыстарға күнбе-күн көмектесуді ескермейді.

Чистян МТС-нің қамтуындағы «Жаңа тұрмыс» колхозының фермаларында жемшөп малға өлшенбей көзбен болжау арқылы беріле береді. Сондықтан кейде малға нормадан артық, кейде кем беріліп, малды азықтандыру тәртібі бұзылады. Осының салдарынан соңғы уақытта қоғамдық малдың күйі төмендеп, сауын сиырлардың құнарлылығы едәуір кеміп кетті.

«Красный крепость», «Путь Ильича» колхоздарының басшылары жемшөпті малға тиісті нормадан кем беру есебінен үнемдемек. Осы себептен бұл колхоздардағы қоғамдық малдың қоңы жаз айларындағы қалпынан көп төмендеп кеткеніне таңдануға болмайды. Бұл колхоздарды қамтитын зоотехниктер малдың зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерге сәйкес күтілуіне жете назар аудармай жүр.

Колхоздарда мал азығының осындай ұқыпсыз жұмсалуы аудан басшыларына ертеден мәлім. Бұл жөнінде ауданда көптеген қаулылар да қабылданды. Бірақ, олар қабылданған қаулылардың іс жүзінде орындалуына бақылау жасамады, оны ұйымдастыру жұмысымен байланыстырмады.

Аудан, МТС, колхоз басшыларының міндеті —мал азығын жұмсаудағы кемшіліктерді неғұрлым тез жою, малшылар арасында еңбек ұйымдастыру тәртібін нығайту, мал қыстату маусымын үлгілі өткізу. Конюхов ауданының басшылары бұл міндетті іс жүзінде орындаулары керек.

Б. ЖАҚЫПОВ.
(Өз тілшіміз).

## Қамқорлыққа алған колхоздарға көмек көрсету туралы

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысында көрсетілген күрделі міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру ісіне үлес қосу мақсатымен Петропавл жол дистанциясының коллективі Полудень ауданындағы Чкалов атындағы колхозды қамқорлыққа алған болатын. Дистанцияның шаруашылық басшылары мен партия ұйымы өздері қамқорлыққа алған колхоздың қажеттерімен танысу, оған қандай көмектің керек екенін білу үшін дистанция бастығының орынбасары инженер Терехов жолдас басқарған арнаулы мамандар бригадасын жіберді. Осы арқылы олар колхозға көмек көрсетудің нақтылы шараларын белгіледі.

Дистанция қамқорлығындағы колхозға көмек көрсету жөнінде белгілеген шараларын қалай орындап отыр? Рас, өткен мерзім ішінде дистанция бұл жөнінде кейбір жұмыстар істеді. Демалыс күндері дистанциядан 20 адам колхозға барып, картоп, овощь және мал азығындық қызылша жинауға, 10 теміржолшы тұқым тазалауға көмектесті.

Колхоздың жақсы радиоторабы бар болатын. Бірақ, ол аккумуляторы мен радиоаппаратурасының біраз бөлшектерінің жарамсыздығынан жарты жылдан бері мүлде жұмыс істемейтін. Жолшылар оны жөндеп, жаңа жыл қарсаңында іске қосты.

Декабрь айында дистанцияның көркемөнерпаздар үйірмесі аталған колхоздың колхозшыларына «Мереке», «Ұсыныс» пьесаларын қойып берді, би және басқа да ойын сауықтар ұйымдастырды.

Дистанцияның колхозға барған өкілдік бригадасы колхоздың өзінің меншікті циркульдік арасы болса, онда шаруашылық құрылыс жұмыстарының тездікпен және жеңіл жүргізілетінін, мұндай араның жоқтығынан ағаш кесу, тілу жұмыстарының үлкен қиындыққа түсіп отырғанын анықтады. Колхоздың бұл сияқты қажетін өтеу колхозшылардың оған жұмсайтын еңбегін жеңілдетуді, шаруашылық құрылыстарына кететін шығындарды азайтуды көздеп, дистанцияның механикалық мастерскойының коллективі колхозға циркульдік ара жасап беруге ұйғарды. Колхоз үшін дала вагоншасы өте қажет. Дистанцияның ағаш шеберлері, ұсталары мен слесарьлары колхозға көктемгі дала жұмыстары басталғанға дейін бір дала вагоншасын жасап беруге міндеттенген еді. Сол

Дистанция бастылары өздері қамқорлыққа алған колхозға бұл жөнінде де көмек көрсетуге ұйғарған-ды.

Рас, жоғарыда аталған шаралардың кей біреулері дистанцияда қолға алына бастаған. Бірақ, мұның өзі өте баяу жүргізілуде. Дистанцияның бастығы Большаков, партия ұйымының секретары Левин жолдастар колхозға көмек көрсету ісіне күнбе-күн көңіл бөліп, оны тез жүргізуге жеткілікті қамқорлық жасамай отыр. Турасын айту керек, олар қамқорлыққа алған колхозға көмек көрсету жөнінде белгіленген міндеттемелердің орындалуын мұқият бақылап отырмайды. Соның салдарынан колхозға көрсетілетін көмектің ең негізгілері мүлде қанағаттанғысыз орындалып отыр. Дистанция социалистік жарысты ұйымдастыру, үгіт-бұқаралық жұмысты жүргізу ісінде колхозға бірқатар көмек көрсетуге тиіс еді. Алайда, бұл жұмысқа дистанция партия ұйымы әлі күнге дейін мықтап кіріскен жоқ. Қазір колхозда социалистік жарысты ұйымдастыруда және үгіт-бұқаралық жұмысты жүргізуде елеулі кемшіліктер бар. Колхозда құрмет және көрсеткіш тақталары атымен жоқ. Ондаған коммунистері мен комсомолецтері бар дистанция колхозға бұл жөнінде осы күнге дейін нақтылы көмек көрсетпеуі таң қаларлық жағдай. Дистанцияның партия ұйымы ай сайын колхозға баяндамашылар жіберіп, лекция оқып тұруға ұйғарған еді. Амал қанша, партия ұйымының секретары Левин жолдастың қамқорлық көмек көрсету ісіне үстірт, жеңіл-желпі қарауы салдарынан сентябрь Пленумынан бергі үш-төрт ай уақыт ішінде колхозға небәрі бір-ақ рет баяндамашы жіберілді.

Қамқорлыққа алған кәсіпорнымен тығыз байланыс жасаудың колхоз үшін зор маңызы бар. Алайда, Чкалов атындағы колхоздың председателі Климов, партия ұйымының секретары Мархалюк жолдастар дистанцияға келіп, өздерінің қажеттерін айтқан емес. Міне, бір жағынан бұл да қамқорлық көмектің тиісті дәрежеде көрсетілуіне нұқсан келтіруде.

Қамқорлыққа алған колхозға көмек көрсету ісіне үстірт, жеңіл-желпі қарауға болмайды. Петропавл жол дистанциясының колхозға қамқорлық көмек көрсету ісін ойдағыдай жүргізуге күш-мүмкіншілігі жеткілікті. Дистанция басшылары мұндай маңызды жұмысты дұрыс қолға алып,

да VIII-IX-X кластарға тарихтан сабақ беретін мұғалімнің білім дәрежесі өте төмен. Сондықтан да ол тарих сабағын оқушыларға терең, идеялы, мазмұнды етіп бере алмай жүр. Ал, қазақ кластарына орыс тілінен сабақ беруші мұғалім Жағыпарованың тіпті орта дәрежелі педагогикалық білімі де жоқ. Бұл жағдай оқу жылының алғашқы жартысында мектепте орыс тілі сабағынан өте көп оқушылардың үлгере алмауына әкеліп соғып отыр. Ал, аудандық оқу бөліміне бұл жағдайлар көптен мәлім. Алайда, аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Оспанов жолдас бұл кемшіліктерді жоюдың шарасын көздемей, тиісті көмек, нақтылы басшылық жасай алмай отыр.

Бұл сияқты жағдай Ленин, Октябрь, Булаев аудандарының да көптеген мектептерінде орын алған. Мәселен, Ленин ауданындағы Қарағай, Ақтас, Орталық бастауыш мектептері қысқа ешбір дайындықсыз келді. Бұл мектептерде сабақ екі сменамен жүргізілетін болса да қажетті керосин, сол сияқты, қысқа қажетті отын дер кезінде дайындалмады. Ал, Октябрь ауданындағы Алқа ағаш, Ақсу, Бірлік мектептеріндегі жағдай бұдан да нашар.

Шынын айту керек, оқу жылының бірінші жарты жылдық қорытындысы облыс мектептерінде жас буындарға білім, тәрбие беру жұмыстарының партияның XIX съезі алға қойған талаптар дәрежесіне сай емес екендігін байқатты. Мектептерде әлі де болса сабақ үлгермеуші оқушылар саны өте көп. Сол сияқты, орта мектептердің оқу процестерінде политехникалық оқуды жүзеге асыру ісі де ойдағыдай емес. Көп мектептерде сабақ оқыту тек оқулықтар көлемінен аспайды, оқушыларға жалаң теория жаттатылады да, ол теориялардың қалай іске асырылатындығы туралы ешқандай практикалық жұмыстар жүргізілмейді. Бұл—көп мектептерде әлі де болса мектепті өмірмен, теорияны практикамен тығыз ұштастыру міндеті жеткілікті дәрежеде іске асырылмай отыр деген сөз.

...ең қажетті әдіс болуы қажет.

Мұғалім —мектептегі басты тұлға, негізгі күш. Мектептегі оқу-тәрбие жұмысының сапалы болуы негізінен мұғалімге, оның идеялық-саяси және жалпы әзірлігіне, педагогикалық іскерлігіне байланысты. Өз мамандығын терең игермеген, өз білімін көтермеген мұғалім идеологиялық майданның қызметкерлері алдына партия мен үкмет қойып отырған міндеттерді орындай алмайды. Демек, өз білімін көтерген үстіне көтере беру, өзінің педагогикалық шеберлігін арттырған үстіне арттыра беру, марксизм-ленинизм ғылымын творчестволықпен меңгеруге жетісу —совет мұғалімдерінің әрқашанда есінде болатын қасиетті борышы.

Жас буындарды тәрбиелеу ісі—күрделі жұмыс. Мұның өзі мектептің қоғамдық орындармен, семьямен тығыз байланыста болуын талап етеді. Өйткені, оқушыларды саналы тәртіпке, олардың сабақ үлгеруін арттыруына бұлардың қай-қайсысының болса да ықпалы зор. Шындығында, семья баланы тәрбиелеуде мектептен кем роль атқармайды. Сондықтан мектеп коллективі өзінің оқушылардың туысқандарымен байланысын күн сайын нығайтып, мектептегі туысқандар комитетінің оқу-тәрбие жұмысына жауапкершілігін арттырып отыруы керек.

Оқу-тәрбие жұмысын жақсартуда халық ағарту орындары әр мектептің ішкі жағдайына қарай, сараланған дара басшылық жасап отыруы қажет. Оқу бөлімінің инспекторлары мектептердегі кемшіліктерді тіркеуші немесе бақылаушы емес, сол кемшіліктерді жоюдың шараларын белгілейтін, мектептің оқу-тәрбие жұмысын жақсартуға жанды көмек бере алатын дәрежеде болсын.

Жас буындарды —коммунизмнің болашақ құрылысшыларын тәрбиелеу—халық ағарту қызметкерлеріне партия сеніп тапсырған абройлы міндет. Сондықтан да олар оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беру ісін бүгінгі күннің талаптарына сай жүргізе білулері керек.

## ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНДА

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы РСФСР Жоғарғы Советі Президиумының табыс етуі бойынша РСФСР-дің құрамында мынадай жаңа облыстардың құрылуын бекітті: Арзамас облысы, орталығы Арзамас қаласы, Балашов облысы, орталығы Балашов қаласы, Белгород облысы, орталығы Белгород қаласы, Каменск облысы, орталығы Каменск-шахта қаласы және Липецк облысы, орталығы Липецк қаласы.

Аталған облыстар Горький, Саратов, Воронеж, Сталинград, Тамбов, Курск, Ростов, Орел және Рязань облыстары есебінен құрылады.

## ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНДА

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы Украин ССР Жоғарғы Советі Президиумының табыс етуі бойынша Украин ССР-нің құрамында Черкассы облысын құруды бекітті, орталығы Черкассы қаласы.

Черкассы облысы Киев, Полтава, Кировоград және Винница облыстары аудандарының есебінен құрылады.

## ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНДА

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы Белорусс ССР-нің Барановичи, Бобруйск, Пинск, Полесье және Полоцк облыстарын таратып, бұл облыстардың қалалары мен аудандарын Брест, Гомель, Гродно, Минск, Молодечненск, Могилев және Витебск облыстарының құрамына қосу туралы Белорусс ССР Жоғарғы Советі Президиумының ұсынысын бекітті.

## ...шопандардың табысы

Полудень ауданындағы «Прогресс» колхозы, қой фермасының шопандары өткен жылы әрбір 100 саулықтан 120 қозы алуға міндеттенген-ді. Олар берген уәделерін іс жүзінде асыра орындады. 1953 жылы фермадағы әрбір 100 саулықтан 137 қозы алып, оларды аман өсірді. Кәзір колхозда тек саулықтың саны 700-ден асады.

Қой шаруашылығын шаруашылықтың мол табысты саласына айналдыруды көздеген шопандар, мал қыстатуды алғашқы күннен бастап ойдағыдай жүргізіп келеді. Олар Преснов ауданындағы «Путь к коммунизму» колхозы мүшелерінің облысымыздың барлық колхозшыларын, МТС-тері мен совхоздарының жұмысшыларын, ауыл шаруашылығының мамандарын, мал қыстатуды үлгілі өткізу жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетуге шақырған үндеуін зор қанағаттанғандықпен қарсы алды. Бұл үндеуге жауап беру үшін қойларды күтіп бағу, азықтандыру ісін жақсарта түсті.

Кәзір фермада қой қоздай бастады. Алғашқы қоздаған 137 саулықтан 224 қозы алынып, шығынсыз өсіріліп отыр. Жаңа туған қозылар күнібұрын әзірленген жылы, жайлы үйлерде күтіледі. Олардың ден саулығын, өсіп жетілу барысын мал дәрігерлері, зоотехниктер үнемі бақылап отырады.

Аға шопан В. Рыбалкин жолдас басқаратын осы ферманың шопандары мен қозы күтушілері А. Молдаванова, А. Рыженко, Н. Карпенко, И. Рыбалкин жолдастар өздеріне тапсырылған жұмысты өте ұқыптылықпен атқарады. Ферма коллективі қол жеткен табыстарын баянды ете отырып, колхозда қой шаруашылығын өркендетуде келелі табыстарға жете беру үшін жанаямай күресуде.

**Г. ГЛЕБОВ.**

...материалдарының жеткіліксіздігінен астық қамбалары мен мал қораларында және басқа да құрлыстарда сәкі болмай келеді. ...көмек көрсетуге жұмылдыра білулері керек.

**Б. АРЫНОВ.**

## ОЗАТ КОЛЛЕКТИВ

«Галантерейщик» артелінің коллективі көпшілік тұтынатын товарларды көптеп шығарып, өндірістік жоспарды ойдағыдай орындауда.

Артель жоспар бойынша 1953 жылы 1 миллион 750 мың сомның өнімін шығаруға тиісті болса, 1 миллион 871 мың сомның өнімін өндіріп, жоспарды 106,9 процент етіп орындады.

Артельде көптеп өнім шығарумен қатар, сапалы өнім шығару жолындағы социалистік жарыс та өрістей түсуде. Соның нәтижесінде шығарылатын өнімнің сорттылығы да арта түсті. Мәселен, ерлер мен әйелдер тарағын шығаруда өнімнің 70 проценті бірінші сортты болуы керек болса, іс жүзінде 84 проценттен астамы бірінші сортпен қабылданды. Сол сияқты, өндірілген түймелердің 57,7 проценті бірінші сорт. Жалпы артель бойынша барлық өндірілген өнімнің 67 проценттен астамы сауда орындарына бірінші сортты болып тапсырылды.

Артель коллективі 1954 жылдың өндірістік жоспарын мерзімінен бұрын орындау үшін еңбек өнімділігін арттыра түсті. Социалистік жарыста түптеуші коммунист Голоневич, түйме жасаудың мастері Толчина, түйме тескіш Бадамшина жолдастар алда келеді. Аталған озат стахановшылар сменалық норманы 120 проценттен 200 процентке дейін орындауда.

**М. БОРЦОВ.**

# Зоотехникалық ғылым табыстары өндіріске кеңінен енгізілсін

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысы ауыл шаруашылығының артта қалып келе жатқан салаларын және атап айтқанда, мал шаруашылығын тез өркендетуге үлкен жол ашты.

Бұл міндетті жүзеге асыруда ауыл шаруашылығы озаттарының тәжрибесін барынша кең таратуға және мичуриндік ғылым табыстарын өндіріске, ал, мал шаруашылығы туралы айтатын болсақ советтік зоотехния ғылымының табыстарын кеңінен енгізу ісіне елеулі орын берілген.

Сауын малының өнімділігін арттыру жөнінде Бүкілодақтық ауыл шаруашылық институты жасаған зоотехниялық шаралардың системасы сауылатын сүт мөлшерін 2—3 есе арттыру және әрбір сыйырдан 4—5 мың килограмға дейін сүт алу мүмкіншілігін қамтамасыз етеді.

Бұл системаның негізі, ең алдымен, бұзауларды дұрыс күтіп өсіру болып табылады. Кейіннен тәулік сайын 80—100 килограмға дейін жететін, көп мөлшерде берілетін құнарлы азықты жақсы сіңіре алатындай болуы үшін жас төлді екі айлық кезінен бастап құнарлы жемшөпке үйрету қажет.

Бұзауға екі айлық кезінен 6 ай толғанға дейін әдетте берілетін сүт пен концентрат азыққа қоса 700—900 килограмм құнарлы жемшөп беру олардың әр тәулік сайын қосатын салмағын 700—900 грамға дейін арттырады.

Сыйыр сауу және төл өсіру жөніндегі қорытылған озат тәжрибенің негізінде институт сауын малды азықтандырудың жаңа типін жасады; бұл типтің сыйпаты мынада: әрбір килограмм сүтке небәрі 150 —250 грамм концентрат азық жұмсалып, құнарлы және көкшөп азықтары өте көп беріледі. Азықтандырудың мұндай әдісі қолданылғанда қысқы кезде әрбір сыйырға берілетін құнарлы жемшөптің жалпы мөлшері 7—10 тонна болады.

Сауын малын азықтандырудың бұл әдісін өндіріске кеңінен енгізу жыл бойына сауылатын сүт мөлшерін шұғыл арттырады, яғни әрбір сыйырдан сауылатын сүт мөлшері бір жылда орта есеппен 2.500—3.500 килограмға дейін жетеді. Москва облысының Раменск, Луховицк, Кунцевск, Ленин және басқа аудандарының колхоздарында дәл осындай нәтижелерге қол жетті. Ал, жеке колхоздарда сауылған сүт мөлшері 4500 килограмға дейін, тіпті одан да артты.

Сауын малын күтудің дұрыс ұйымдастырылған қолда және лагерь жағдайында бағу жүйесі әрбір гектар жерден жемшөп және сүт өнімін алуды шұғыл арттыруға мүмкіндік береді. Мұны озат колхоздардың жұмыс тәжрибесі дәлелдеп отыр.

Мысалы, Москва облысының Ленин ауданының колхоздарында жылына әр сыйырдан орта есеппен 2.775 килограмнан сүт алынған жағдайда әрбір 100 гектар жерге 40 малдан (сыйыр малына шаққанда) келіп отыр.

Жемшөпті малға берерде алдын-ала әзірлеудің маңызы зор, өйткені, тиісті түрде әзірленген жемшөпті мал құмарта жеп, жақсы сіңіреді.

Әрбір мал фермасында дәнді астықтан жемшөп әзірлеудің ұнтақтау, ұсату және жармалау сияқты әдістерін қолдану қажет, бұл ол азықтардың жұғымдылығын 10—15 процент арттырады; ұнды азықты бектіру (шошқаларға арнап) крахмалды ішінара қантқа айналдыруға мүмкіндік береді; жемшөптік астықты ашыту және өндіру оның дәмдік қасиеттерін жақсартады, витаминдерін және толық жарамды белогін көбейтеді.

Жай жемшөптерді әзірлеу әдістерін кең қолданудың зор маңызы бар. Жоңышқа және беде пішені жылқы, сыйыр және қой үшін ғана емес, сонымен қатар, шошқа, тауық және қаздар үшін де өте қажет азық болып табылады. Бірақ, құс, торай және шошқа азықтандыруға арналған пішенді ұсату керек, бұл үшін жемшөп ұсататын арнаулы құралдарды —сабан тұрағыштарды немесе басқа да машиналар мен тетіктерді пайдалану қажет. Бұл жағдайда сабанды міндетті түрде булау керек (оны алдын- ала сабан тұрағыштан өткізіп алған дұрыс).

Бірақ, ауылшаруашылық малдарының өнімділігін арттыруға тек жемшөппен күту жағдайы ғана ықпал етіп қоймайды. Малдың асыл тұқымдық құрамын жақсартудың да зор маңызы бар. Ең алдымен, нешеме жүз жылдардан бері жергілікті жағдайларға жақсы бейімделген кәзіргі бар тұқымдарды үнемі жетілдіре беру қажет.

Совет мамандары практиктермен ынтымақтаса отырып, малдың жаңа 34 тұқымын шығарды, бұлар өздерінің өнімділік және асыл тұқымдық қасиеттері жөнінде шетел тұқымдарынан кем түспегені былай тұрсын, қайта асып түседі.

Соңғы жылдарда жартылай биязы жүнді қойлардың жаңа тұқымдары шығарылды. Осы тұқымның қошқарларын қылшық жүнді саулықтармен шағылыстырғанда алынған будан мал жартылай биязы жүнді қойлардың жүнділік қасиетін игергенше әдетте кем дегенде 2—4 қой ұрпағы қажет болады. Бірақ, жүргізілген тәжрибелер мен практикалық байқаулар бұл процесті едәуір қысқартуға болатынын көрсетті. Ол үшін биязы жүнді қошқарларды қылшық жүнді саулықтармен бір рет ғана шағылыстырғаннан кейін одан шыққан буданды куйбышевтік, горькийлік және басқа тұқымды жартылай биязы жүнді қошқарлармен шағылыстыру керек. Оның үстіне, қолдан ұрықтандыру әдісі бір қошқардан шығатын саулықтарды жүздеген есе арттыруға мүмкіндік береді. Бұл әдіс кәзіргі уақытта еліміздің совхоздары мен колхоздарында кеңінен қолданылып, бағалы нәтижелер беруде. Бүкілодақтық малшаруашылық институты жасаған мал ұрығын ұзақ уақыт сақтау (үш тәулікке дейін) тәсілі ұрықты алыс жерлерге тасымалдауға мүмкіндік береді, бұл асыл тұқымды қошқарларды пайдалану мүмкіншілігін бұрынғыдан да арттырады.

Қолдан ұрықтандыру әдісі сыйыр малын жетілдірген кезде де және әсресе, сыйыр сүтінің майлылығын арттыруға бағытталған шаралар жүргізген кезде кеңінен қолданылуы тиіс. Бұл шаралар бірсыпыра ұзақ уақыт алады және оның мәні сүті неғұрлым майлы сыйырларды іріктеп, оларды тұқым қуалата беру болып табылады.

Біздің зоотехниялық ғылымымыз малдың ет өнімділігін арттыру жолдарын іздестіре отырып, малды өнеркәсіптік жолмен шағылыстыру әдісін жасады. Бұл әдіс, әсресе, шошқа шаруашылығында өте тиімді нәтиже берді. Бір тұқымның мегежіндері екінші бір шошқа тұқымымен шағылыстырылады. Мұның нәтижесінде будан торайлар неғұрлым ірі және күшті болып туады, олар бордақылағанда да тез өсетін болады, жемшөп те аз жұмсалып, торайлар көп салмақ қосады: дене құрылысы да күшті және ауруларға төзімді келеді.

Ғылми қызметкерлер қоғамдық мал шаруашылығының еңбекшілерімен бірлесе жұмыс істеп, таяудағы жылдарда біздің елімізде мал шаруашылығы өнімдерінің молшылығын жасау үшін барлық күш-жігерін жұмсайды. Бүкілодақтық мал шаруашылығы институтының коллективі өзінің ғылми жұмыстарының жоспарын СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қарарларында қойылған нақты міндеттерге шұғыл жақындату бағытында қайта қарады.

**Профессор И. КУЗНЕЦОВ,**
**Бүкілодақтық мал шаруашылығы институтының директоры.**

Сәбит МУҚАНОВ

# Украинаға сапар

## 3. „ХАЙ ЖИВЕ, РАДЯНЬСКА УКРАИНА!“ *

(Соңы. Басы «Ленин туының» 9-10 январьдағы сандарында)

Бір ғажабы,—кең Украинаның әр жерінде ұйымдасқан партизан отрядтарының өрбитін орталығы. — Ковпактің штабы болады. Жағдайдың аса ауырлығына қарамай, арасында аранын ашқан жаулар тұра, партизан отрядтары тығыз байланысын үзбейді. Нұсқауды олар үнемі штабтан алады.

Киев қаласындағы партизан отрядтары да осы тығыз байланыстың ішінде. Қаланы жау күзеті темір құрсауына алған күндердің өзінде өзге былай тұрсын, Ковпактің өзі ретін тауып, Киевке әлденеше рет кіреді де, ондағы партизандарға өз аузынан нұсқау беріп, істерін кейде қолма-қол басқарады.

—Сонда... Қалай бұл?!...—десең,

—Жер біздікі емес пе?—дейді Сидор Артемьевич күлімсіреп,—ауа да біздікі емес пе?... Жаудан өз ұлын, өз құнын жасыра алмай ма олар?...

Одан әрі тереңдеп сұрайын десең, конспирацияда көп болғандығын, құпия сырларды іште көп сақтағандығын істеп Сидор Артемьевич:

—Оның бәрін айтуға көп уақыт керек қой,—деп, сыпайы жалтартпаға салады...

Даладағы партизандар сияқты, қаладағы партизандар да, тек жау қастығымен күресіп қоймай, оның тірі және өлі күшін үздіксіз жойып тұрған.

—Фашистер,—дейді бұл жайды айта кеп Сидор Артемьевич, —Киевтің қасындағы «Бабьи яр» аталатын сайға апарып, 75 мыңдай совет адамын атты. Біз де оған борышты бола қойған жоқпыз. Армия генералы Черняховский 1944 жылдың көктеміне жақын Киевті алғанда қырылған жау әскерін қоспағанда, жау басып алған үшжарым жылдың ішінде, Киев партизандары, оның жүз мыңға жақын адамының көзін жойды... Партизандар жойған жау мүлкінің құны да, жаудың Киевте жойған мүлкінен кем түсе қояр ма екен!..

Киев партизандарының ісінен нелер ғажап оқиғаларды естисіз. Солардың ішіндегі бір ғажабы, партизандар екі адамның ескерткішін жерге көміп үлгеріп жауға таптырмаған: бірі —Богдан Хмельницкийге бронзодан салған салт атты ескерткіш, бірі —граниттен салған Тарас Шевченконың ескерткіші.

Айтушылардың сөзіне қарағанда, партизандар жасырған бұл екі ескерткішті фашистер тірі адамнан артық іздеген. Рас болса, Киевтегі фашистің бургомистрі, бұл ескерткіштерді тауып беруге «бәйге» жариялаған. Көп «сыйға» қызығып, ескерткіштерді іздеушілер де табылған. Бірақ, ескерткіштер табылмаған.

—Сонша неге өшіккен, фашистер ол

Шевченко сол «өнерді» үйреніп жүрген кезінде атақты жазушы Жуковскиймен, атақты суретші Брюлловпен танысады да, Шевченконың зор талантын бағалаған олар, қожасына 2500 сом төлеп, басына азаттық әпереді.

Бір жағынан көркемөнер академиясына түсіп, сурет ғылымын оқыған Шевченко, екінші жағынан өлең жазуға да кіріседі. Сөйтіп жүріп, патшашылдыққа қарсы болады да 1847 жылы тұтқынға алынады. Үкмет оны әуелі Орск қаласының абақтысына жібереді, одан кейін Арал және Каспий теңіздерінің жағасына айдайды. Бұл айдаудан Шевченко 1857 жылы ғана құтылып, Петербургке қайтады, бірақ, ауыр азаптан денсаулығы бұзылып, ұзақ жасай алмай 1891 жылы өледі...

Шевченко жазған өлеңдерінің көбінің аяғында «Қос-арал» деген сөз тұр. Ол арал, Арал теңізінде. Қос-аралда жазған өлеңдерінде ол:

«Тағы да почта әкелмеді,
Күткен хатты Украинадан».
«Еріксіз күйде тұрам жалғыз,
Ойымды бөлер адам жоқ!» — деп

жалғызсырайды, кеудесін жара күрсінеді. Сонда мұңын шағары — қаламы мен бояуы. Қаламы дейтініміз—өлең жазады, бояуы дейтініміз —сурет салады. Бірақ, патша үкметі Шевченконы бұл екі іспен шұғылданудан да қатты тыйған. Өлең жаздырмау үшін, сурет салдырмау үшін оны үнемі күзет астында ұстаған. Сонда да патша үкметі, жалынды ақынның жазу қаламы мен бояу қаламына ие бола алмай, полицияның көзі тайған минуттарда, Шевченко көп өлеңдер жазып, көп суреттер салып үлгерген...

Шевченконың бұл өлеңдерін барлық елдің еңбекшілері күні бүгінге дейін сүйіп оқыйды, суреттеріне күні бүгінге дейін сүйсіне қарайды. Өйткені, Шевченко жалғыз Украинаның ғана емес, бүкіл еңбекші адам баласының бақытын арман ете жырлаған ақын. Сондықтан да, оның шығармалары азат елдердің бәрінің тілдеріне аударылады.

Шевченконың туғанына 125 толуымен байланысты, 1939 жылы бүкіл Совет Одағында мереке өтті. Сол кезде қазақ тілінде басылған оның шығармасына, мен қысқартып аударған «Гайдамактар» мен «Аксана» қосылуын, мен өзіме, Шевченко алдындағы борышымды аз да болса атқару деп қуандым.

Одан да артық қуанғаным—1947 жылдың басы. Сол кезде жолым түсіп, Каспий теңізінің жағасындағы Форт Шевченко аталатын қалаға бара қалдым. Айдаудың соңғы күндерін Шевченко осы фортта өткізген екен. Өзі еріксіз айдауда жүріп, теңіздің тақыр жағасына ол бақша еккен. Сол бақша қазір кең көлемде биік ағаш

қолтықтаса билеп жүрген бойшаң көрікті қыз—Полтава облысындағы атақты тарышы—Катерина Локошко болып шықты!.. Өсірген асқабағының алды 70 килограмм тартқан Лагода, мына бір әнші қыз екен!.. Тағы да кімдер жоқ бұл қалың топтарда!.. Украинаның өндірістегі, ауыл шаруашылығындағы, мәдениетіндегі барлық «сүтке шығары» мұнда түгел!.. Көбінің кеудесінде жарқыраған ордендер!.. Бәрі де киімді, бәрі де ажарлы, бәрі де шат.

Бұлардың осы көркін көркейте түсіп, көшелерде құрылған прожекторлардан айқаса ауысқан нелер түсті сәуле нұрын тамылсыз төгіп тұр!.. Қызылы, жасылы, көгі, сарысы.. дегендей, көшеде шаттық серуенін құрған қуанышты көпшіліктің үстіне, прожекторлардан түрлі түсті сәуле құлпыра төгілгенде, адам атаулының бәрі түрлі түспен шешек атқан гүл бақша сияқтанып кетеді!.. Расында да солай ғой!..

Украинаның әнші-күйші халық екенін біз жақсы білеміз. Бүгін ол осы өнерін Киевтің көшесіне әкеп түгел төгіпті, Қай көшеге барсаң да, тартылып жатқан музыка түрлері, айтып жатқан әндер, үйіріліп жатқан билер... «Бандура» дегенді мен бұрын концерттерде ғана көруші едім. Енді олар бірлеп, ондап емес, жүздеп көшелерде қаптап кетіпті... және олардың тартушылары артистер немесе бұрынғы «соқырлар» емес, көпшілігі беттеріне қаны ойнаған көрікті жастар... Олардың көбі селолардан келіпті... Қайда апарып тарттырсаң да тайсалар түрі жоқ олардың.. Мына бір топ опера театрының алдындағы аланда әндете билеп жатыр, ол —Харьков облысының Липецк ауданынан келген колхоз хоры екен..

Солардың бәріне таңдана жүре, менің ерекше таңданғаным—керней мен кернейші. Өзбекпен көршілес отырмаған қазақтар «керней» атты музыка құралы барын естігенмен, қандай екенін білмейді. Ол — ұзындығы екі-үш құлаш, сыбызғыша түбінен үрлейтін құрал. Жаяу топтан мойны әлде қайда биік жүретін оның дауысы кейде тырнаның, кейде аққудың үніне ұқсап, жер өмірге кетеді... Осы кернейді украиндықтар да қолданады екен. Оларша аты «трембита», кернейшіні— «трембитагор» дейді екен.

Қайдан келгенін кім білсін, сол кеште Киев көшесінде трембитаторлар қаптап кетті. Олардың қолындағы аузы аспанға қараған трембиталары өзге музыка құралдарының «төбесінен қарап», дауысын бәрінен де асырып жіберді... Украинаның трембиталардан шыққан әдемі ән-күйлерінің дыбысы аспанда әуендерін біріктіріп, музыкалық тұтасқан бір ансамбльге айналып кетті!..

Жырла, шат Украина!..



Қазақтың Абай атындағы Мемлекеттік опера және балет театрының коллективі қойып көрсеткен композитор Е. Брусиловскийдің жаңа операсы «Дударай» үлкен табысқа ие болуда. Бұл спектакль қазақ және орыс халықтарының арасындағы достықты баяндайды.

СУРЕТТЕ: 1 актінің көрінісі. Алдыңғы қатарда **Мария** (артистка З. Епонешникова) және **Думан** (республиканың халық артисі, Сталиндік сыйлықтың лауреаты Ә. Үмбетбаев).

**(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).**

## Ленин ауылшаруашылық техникумында

Ленин ауылшаруашылық техникумының студенттері оқуды жақсы оқып, мамандық алу жолында аянбай күш жұмсаумен бірге, физкультура және спортпен үнемі сүйсіне шұғылдануда.

Физкультура пәнінің оқытушысы А. Хорольский жолдас студенттердің физкультура мен спорт адамның денсаулығына пайдалы екендігін дұрыс түсінулеріне көмектесті.

Кәзір студенттер оқудан бос уақыттарын Есіл өзені үстінде өздері жабдықтаған катокта коньки тебуге, шаңғымен жүруге жаттығумен өткізеді. Техникумда штанг көтеру, бокс және спорттың басқа да түрлерімен шұғылданушы студенттер аз емес.

Жуырда техникумда физкультура пәнінің оқытушысы Хорольский жолдастың басқаруымен физкультура кеші өткізілді. Кешке студенттер, мұғалімдер, Образцовая МТС-нің жұмысшылары мен «Путь к коммунизму» колхозының колхозшылары қатысты. Жыйналғандар боксерлердің, штангистердің, гимнастшылардың және сайысушылардың ойындарын сүйсіне қарады. Сонымен бірге, техникум спортшылары, физкультуралық көркемсөздер оқыды, жеке әндер орындады.

Сол сияқты, техникумда агрономиялық және зоотехникалық бөлімдердің

## Агрессияшыл Орта-Шығыс одағының жобасына қарсы

КАИР, 10 январь. (СОТА). Египет жұртшылығы және баспасөз Таяу және Орта-Шығыста агрессияшыл одақты жасаудың американдық жаңа жоспарлары туралы хабарлар жөнінде тынышсыздық білдіруде. Газеттер американ империализмінің зұлымдық ниеттерін болдыртпай тастауға шақырған мақалалар жариялауда және қорғаныс одақтары деген жамылғымен жасалынатын агрессияшыл одақтарға араптарды қатыспауға шақырады.

«Аль-мысри» газетінің бас редакторы Абуль Фатх «Араптар, сіздер қайда барасыздар?» деген мақаласында арап елдері мен Пакистанның басшы қайраткерлерін соғыс одақтарын жасау туралы Пакистан, Иран, Ирак және Сауд Аравиясымен АҚШ келіссөз жүргізіп отырған соғыс одағына осы елдер қосылмайды деп мәлімдеуге шақырады.

Египет, делінген мақалада, «әрқашан араптардың праволарын жоққа шығарып және әрдайым араптардың тілектері мен үміттерін тұншықтырып келген мемлекеттермен бірге, қандай жағдайда болса да пактіге араласпайды».

### ФРАНЦУЗ КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ҚАЙРАТКЕРІН ТҰТҚЫНДАУ

ПАРИЖ, 10 январь. (СОТА). Кеше Клермон- Ферранде француз Коммунистік партиясының Сена департаментіндегі федерациясының секретары Андрэ Сукьер Пюи-де-Дом департаментіндегі Коммунистік партия федерациясы комитетінің жұмысына қатысуға келген жерінде тұтқынға алынған «Юманите-диманш» газетінің хабары бойынша, бұл тұтқындау 1952 жылы беріліп қойылған ордер бойынша жүргізілген.

Клермон-Ферран еңбекшілерінің көптеген делегациясы полиция комиссариатына келіп, Сукьерді тұтқыннан босатуды талап еткен.

### ИНДИЯНЫҢ БЕЙБІТШІЛІК ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСКЕРІНІҢ ССРО-ға БАРЫП ҚАЙТҚАН САПАРЫ ТУРАЛЫ

ЛОНДОН, 9 январь. (СОТА). Рейтер агенттігінің хабарына қарағанда, Индияның бейбітшілік үшін күрес қозғалысы басшыларының бірі доктор Атал кеше Лондонда баспасөз конференциясында сөз сөйлеп, Совет Одағында үш ай болған уақытта өзінің алған әсерлерін айтқан. Россияда, деп мәлімдеген доктор Атал, «советтік өмірдің барлық салаларында орасан зор прогреске қол жеткен». Ол Совет Одағында тұрмыстық дәреже үнемі жақсарып отыр, деп мәлімдеген. Халықтың көп тұтынатын товарларын өндіруге орасан зор назар аударылып отыр.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

## 1948 жылғы мемлекеттік 2 проценттік заемның екінші өтеу тиражының ТАБЛИЦАСЫ

Тираж 1953 жылғы 28-29 декабрьде, Тула қаласында өткізілді.
Өтеу тиражында облигациялардың барлық, 50 номері № 101-ден № 50-ге дейін) заемның әрбір разрядындағы төмендегі сериялар шықты:

| Серия №№ | Серия №№ | Серия №№ | Серия №№ | Серия №№ | Серия №№ | Серия №№ | Серия №№ | Серия №№ | Серия №№ |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 000075 | 004921 | 010131 | 015069 | 019757 | 025865 | 031062 | 035551 | 040113 | 045578 |
| 000115 | 004932 | 010133 | 015112 | 019829 | 025897 | 031191 | 035572 | 040131 | 045586 |
| 000123 | 004981 | 010234 | 015167 | 019855 | 025914 | 031346 | 035580 | 040160 | 045592 |
| 000389 | 005013 | 010256 | 015175 | 019917 | 025930 | 031373 | 035609 | 040173 | 045642 |
| 000435 | 005027 | 010379 | 015183 | 019991 | 025941 | 031393 | 035611 | 040230 | 045645 |
| 000436 | 005048 | 010446 | 015189 | 020124 | 026004 | 031464 | 035772 | 040281 | 045652 |
| 000509 | 005143 | 010660 | 015236 | 020194 | 026071 | 031467 | 035821 | 040405 | 045921 |
| 000578 | 005157 | 010678 | 015256 | 020222 | 026114 | 031480 | 035863 | 040431 | 045928 |
| 000624 | 005210 | 010699 | 015300 | 020354 | 026172 | 031488 | 035865 | 040482 | 045954 |
| 000659 | 005248 | 010739 | 015390 | 020513 | 026212 | 031541 | 035976 | 040515 | 045988 |
| 000712 | 005431 | 010799 | 015434 | 020544 | 026267 | 031623 | 036040 | 040516 | 045990 |
| 000714 | 005434 | 010807 | 015452 | 020559 | 026324 | 031629 | 036177 | 040620 | 046031 |
| 000732 | 005473 | 010847 | 015476 | 020561 | 026334 | 031630 | 036220 | 040621 | 046067 |
| 000767 | 005484 | 010928 | 015574 | 020613 | 026357 | 031654 | 036287 | 040707 | 046167 |
| 000791 | 005556 | 010929 | 015629 | 020617 | 026585 | 031694 | 036291 | 040741 | 046245 |
| 000857 | 005602 | 010989 | 015682 | 020652 | 026706 | 031725 | 036298 | 040841 | 046408 |
| 000867 | 005614 | 011057 | 015715 | 020672 | 026774 | 031836 | 036347 | 040957 | 046426 |
| 000961 | 005631 | 011092 | 015783 | 020676 | 026805 | 031902 | 036374 | 040968 | 046449 |
| 001052 | 005651 | 011152 | 015802 | 020759 | 026952 | 031988 | 036389 | 041041 | 046526 |
| 001058 | 005766 | 011227 | 015816 | 020827 | 027037 | 032090 | 036465 | 041060 | 046604 |
| 001068 | 005854 | 011240 | 015836 | 021038 | 027052 | 032150 | 036491 | 041069 | 046679 |
| 001074 | 005898 | 011399 | 016010 | 021072 | 027057 | 032162 | 036499 | 041078 | 046700 |
| 001094 | 005943 | 011442 | 016087 | 021131 | 027069 | 032209 | 036611 | 041168 | 046737 |
| 001140 | 005973 | 011457 | 016147 | 021209 | 027114 | 032228 | 036662 | 041315 | 046778 |
| 001300 | 006042 | 011486 | 016183 | 021232 | 027154 | 032278 | 036672 | 041397 | 046826 |
| 001444 | 006063 | 011515 | 016231 | 021260 | 027228 | 032324 | 036720 | 041482 | 046853 |
| 001458 | 006073 | 011536 | 016318 | 021287 | 027351 | 032341 | 036762 | 041627 | 046916 |
| 001459 | 006123 | 011549 | 016418 | 021358 | 027405 | 032379 | 036782 | 041654 | 046952 |
| 001479 | 006315 | 011564 | 016496 | 021364 | 027406 | 032616 | 036844 | 041669 | 046982 |
| 001547 | 006335 | 011655 | 016503 | 021415 | 027437 | 032631 | 036910 | 041765 | 047031 |

ескерткіштерге?—десең:

—Өшікпегенде ше? — дейді Масенко Қаладағы партизан отрядтары сол екеуінің атына құрылды... Ол екеуі партизандарды жаумен мейрімсіз күресуге шақырып, жеңуге бастады.

Жау қаладан қуылысымен-ақ, екі ескерткіш орындарына қайта қойылады. Искусствоның көркем шығармасына саналатын бұл екі ескерткіш, қаланы көріктендіріп, азат украин халқын жеңістен-жеңіске шақырып тұр...

Мен, әрине, Тарас Шевченконың ескерткішінің жанында көбірек тоқырадым. Постаментке тік тұрған дененің бейнесімен жасаған бұл ескерткіштің беті, революциядан кейін өз аты берілген Киев университетіне қарап тұр. Бұл қараста тарихтық және бүгіндік көп мән бар сыяқты.

Өлер алдында ғана жазған «Дұға» атты бір өлеңінде Шевченко былай деп жырлады.

Қанішкіш, алдағыш патшаларды
Темір бұғаумен тұсай гөр...
Қараңғы зынданға қамай гөр!..
Жер жүзінде тоналған
Жұмысшы адам баласына,
Барлық жақсылықты жібере гөр!..
Таза жүректілерді ше? Олардың
қасына,
Тазалығын ластатпау үшін.
Періштелеріңді отырғыза гөр!..
Маған махаббатты бере гөр, тәңірім!
Жер жүзіндегі шындықты бере гөр!..
Адал досты жібере гөр!..

Зарлы ақынның сол тілегі қәзір түгелімен орындалды: патша да, оның сүйеніші —қанаушы тап та жойылды. Еңбекші адам баласы жерден тілеген бақыты орнады, достары көбейді, солардың бірі менмін..

Мен Шевченкомен оның шығармаларын оқығаннан бері доспын. Оның қаламынан туған өлеңдерінің тең жартысы қазақ даласында жазылды. Басыбайлы шаруа семьясында 1814 жылы туған ол 182 жылға дейін қожасының сыйырын бағады. Сол кезде сурет салуға ынтасы барын көрген қожасы оны бірер жыл үйіне асбасшы ғып алады да, суретшілігі үдей түскен соң, үй ішін бояуға ұстау мақсатымен, Петербургта тұратын таныс бояушы Шираевтың қасына апарып тастайды.

...ченкоға арналған музей және жергілікті скульптор жасаған Шевченконың бюст бар. Бақшаны да, музейді де, ескерткішті де тұрғын халық аса қадірлеп, өте баппен ұстайды...

Осы бақшада Шевченконың, Шевченко ой-пікірін айтқан сол кездегі еңбекші халықтың бұрынғы, бүгінгі және болашақтағы арманы түйіскен сыяқты,—өскелең бақша сондай ой-пікірдің, тілек-арманның символы емей немене!..

Тарас Шевченконың да, ол сүйген украин еңбекшілерінің де арманы орындалуына ең зор айғақ—30 жылдық той күні Киевте өткізілген демонстрация болды. Ол күннің алдыңғы кешінде біз ұйықтай алған жоқпыз. Қалай ұйықтайсың?... Ол күнгі кеште, Киевтің кең көшелері театрдың сахнасы сыяқтанып кетті. Европаша және украинша киінген адамдар, электр сәулесімен күндізгідей шұғылаланған, тулар мен плакаттарға безенген кең көшелерде қызыл іңірден сапырылысып қаптап кетті. Тұрғын халықтың той алдындағы шат көңіліне мейірленгендей, қысқы кеште маужырап, май тоңғысыз болып, кемеліне келген толық ай, бұлтсыз аспаннан күлімсіреп қарай қалды...

Көшеде сапырылысқан адамдардың ішінде «Еңбектеген жас пен еңкейген кәрінің» арасындағы украин халқының барлық жүйесінен де өкіл бар: киім формасынан таныймыз—әне, Донбастың біртоп құрметті шахтерлері жүр!.. Мына бір топтанған адамдар—Совет Одағындағы ең зор электр станциясының бірі—Днепро ГЭС тен келіпті... Әне біреулер—дүние жүзіндегі ең зор домна пештің қатарына қосылатын—«Запорожстальдың» құрыш құюшылары!.. Енді біртоп —жер шарының алтыдан бірі—Совет Одағына «ХТЗ»-лары түгел тараған Харьков трактор заводынан келіпті...

Басына тартқан кестелі орамалды тамағынан бір байлап салған, үстіне киген белі бүрмелі шапаннан ішкі кестелі көйлек жемшелерінің етегі көрінген мынау біртоп қыз-келіншек бидай өсіруде үздік рекорд алып жүрген, Харьков облысындағы Іазов ауданындағы Орджоникидзе атындағы колхоздан келіпті!.. Мына біо билеп жүрген әдемі жас қыз —Цурков майын беретін өсімдіктен бір гектардан 600 центнер өнім алатын, Киев облысындағы атақты Ланкова Надя екен!.. Онымен

Мұндай кеште, кеудесінде жаны, басында көзі мен құлағы бар кісі қалай ұйықтап жатар...

Ойын-сауықтың арасында көрер таңды көзбен аттырған біз, үкмет парадты қабылдайтын жерге ертерек бардық. Парад сағат 10-да басталды. Әуелі әскери парад өтті.. Іле еңбекшілер демонстрациясы басталды... Сонда Ленин—Сталин портреттерін қатар көтерген алғашқы топтың кере көтерген жалауында; «Хай живе, радяньска Украина» деген жазу бар екен. Бұл —«Жасасын советтік Украина» деген сөз екен.

Осы сөз көз алдымыздан бірінен соң бірі тізіліп өтті де жатты... Ол сөзге біз де қосылып бақытты украин халқының әр алуан адамдарын көргенде:

—«Хай живе, радяньска Украина» дедік те тұрдық...

* * *

1953 жылдың күзі. Одесса — Москва поезы Киевке келіп тоқтай қалды. Проводниктің айтуынша, поезд мұнда 40 минут кідіреді. Ол—«дүниенің уақыты». Ендеше атүсті болса да, вокзалды, қаланы көру керек...

Вокзалды көргенде, мен көзіме нанбадым. Ана жылғы қыйрап жатқан вокзалдың орнында, қәзір бүкіл Совет Одағында сирек кездесетін, аса көркем, аса биік аса кең, аса сұлу вокзал тұр!..

Енді даяр таксиді ала сап, қаланы көріп қайту керек... Айдай жөнелдік... Қаланы аралай машина зымырап келеді... Көшелерде де, үйлерде де жау түсірген жараның қәзір ешбір белгісі жоқ. Олар қәзір өмірі жайнаған жас адамдай ажарлана қарап тұр...

Крещатик ше? Оны да танымай қалдым. Мен ана жылы көрмеген биік көркем үйлер бұл манайға қаптап кеткен!..

Бұл сапарда мен Украинаның екі сұлу қаласын көрдім: бірі —Киев, бірі—Одесса. Екеуінің де денесі жаудың қолынан түскен жарадан түгел жазылған. Екеуі де советтік сұлу қаланың қалпына қайта түскен!..

Украина қалаларынан көргенім осы болса, селоларынан көргенімді тағы сыйпаттағалы отырмын. Оған кірісер алдында, туысқан елдің бақытты тұрмысына шаттанған көңілімнің тіліме оралдырып отырған сөзі:

—Хай живе, радяньска Украина!

*) Жасасын Советтік Украина!

...арасында бірінші орын алу үшін шаңғы жарыстары өткізіліп тұрады. Жуырда өткізілген шаңғы жарысында қыздардың 3 километрлік эстафетасында зоотехникалық бөлімнің студенткасы Гурина озып шықты.

18 километрлік жарысқа 20 жігіт қатысты. Бұл жарыста агрономиялық бөлімнің студенті Казаченко жолдас бірінші орынға ие болды. Оның көрсеткіші шаңғы спортынан бүкілодақтық II разрядтық спорт мамандығының көрсеткішіне тең.

Болашақ агрономдар эстафеталық жарыста да жеңіп шығып, техникум бойынша шаңғыдан бірінші орын алды.

Техникумның әрбір оқушысы дерлік шахматшы. Шахматпен үнемі шұғылданушы студенттердің жарысында 4 курс студенті Калиниченко бірінші орынды, Милютин екінші орынды жеңіп алды. Бұларға Бүкілодақтық спорт мамандығының 4-категориялы шахматшысы деген атақ берілді.

**У. УӘЛИХАНОВ.**

## Наградталғандарға ордендер тапсырылды

Жуырда облыстық Совет аткомі председателінің орынбасары Е. Цимбал жолдас ССРО Жоғарғы Советі Президиумының тапсыруы бойынша финанс-банк қызметкерлеріне ССР Одағының атынан ордендер мен медальдар тапсырды.

Ленин орденімен наградталған мемлекеттік банктің облыстық мекемесінің бас кассирі А. Игумнов жолдас сөз сөйлеп; біз, бұл ұлы наградаға жауап ретінде еңбек өнімділігін еселеп арттырып, коммунизм құру ісіне келелі үлес қосу үшін барлық ынта-жігерімізді жұмсай береміз деп мәлімдеді.

Бұдан кейін Цимбал жолдас наградталғандарды құттықтап, олардың Отанымыздың игілігі үшін бұдан былай да қажырлы еңбек істей беретіндігіне сенім білдірді.

## *Ірі ұтыстар*

Облысымыздың жыйнақ кассалары Мемлекеттік 2 проценттік ішкі ұтыс заемының 12 ұтыс тиражы және екінші өтеу тиражы бойынша ұтыстар төлей бастады.

Алғашқы екі күн ішінде қаладағы жыйнақ кассалары осы заемның облигациясын ұстаушыларға 120 мың сомнан астам ұтыс төледі. 1000 сомдық бір облигацияға 51600 сом ұтыс шықты. № 164 жыйнақ кассасы барлығы 54100 сомның ірі ұтыстарын төледі.

Осы жылғы 24 январьда Ақмола қаласында ССРО халық шаруашылығын қалпына келтірудің және өркендетудің мемлекеттік үшінші заемы бойынша 11-тиражы, ал, 30 январьда 3 проценттік ішкі ұтыс заемы бойынша 37-тираж өткізіледі.

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 001588 | 006369 | 011789 | 016626 | 021508 | 027542 | 032853 | 036990 | 041801 | 047250 |
| 001855 | 006379 | 011823 | 016638 | 021606 | 027564 | 032885 | 036993 | 041848 | 047340 |
| 001877 | 006457 | 011895 | 016645 | 021627 | 027565 | 032901 | 037022 | 041964 | 047361 |
| 001900 | 006479 | 011913 | 016678 | 021757 | 027668 | 032913 | 037049 | 041988 | 047370 |
| 001915 | 006520 | 011969 | 016736 | 021817 | 027843 | 032920 | 037053 | 041992 | 047413 |
| 001945 | 006640 | 012008 | 016755 | 021854 | 027928 | 033084 | 037100 | 042041 | 047426 |
| 001954 | 006708 | 012009 | 016785 | 021870 | 027958 | 033155 | 037104 | 042190 | 047462 |
| 002069 | 006729 | 012051 | 016907 | 021888 | 027966 | 033233 | 037155 | 042211 | 047533 |
| 002093 | 006739 | 012131 | 016961 | 022087 | 028069 | 033273 | 037202 | 042258 | 047558 |
| 002110 | 006781 | 012164 | 017026 | 022277 | 028139 | 033279 | 037211 | 042269 | 047698 |
| 002225 | 006811 | 012196 | 017055 | 022328 | 028149 | 033309 | 037220 | 042306 | 047746 |
| 002227 | 006876 | 012215 | 017082 | 022400 | 028150 | 033409 | 037243 | 042325 | 047781 |
| 002232 | 006879 | 012229 | 017149 | 022476 | 028185 | 033440 | 037269 | 042340 | 047786 |
| 002271 | 007037 | 012464 | 017260 | 022526 | 028223 | 033460 | 037338 | 042359 | 047803 |
| 002276 | 007064 | 012505 | 017279 | 022536 | 028238 | 033465 | 037349 | 042389 | 047859 |
| 002291 | 007081 | 012509 | 017301 | 022574 | 028318 | 033504 | 037388 | 042410 | 047904 |
| 002377 | 007178 | 012534 | 017369 | 022618 | 028328 | 033511 | 037391 | 042518 | 047933 |
| 002538 | 007300 | 012551 | 017393 | 022627 | 028346 | 033561 | 037483 | 042584 | 047982 |
| 002581 | 007363 | 012594 | 017487 | 022756 | 028352 | 033584 | 037494 | 042642 | 047992 |
| 002761 | 007447 | 012694 | 017499 | 022835 | 028434 | 033625 | 037542 | 042660 | 048003 |
| 002770 | 007783 | 012696 | 017517 | 022959 | 028560 | 033659 | 037594 | 042794 | 048013 |
| 002814 | 007803 | 012726 | 017532 | 022979 | 028570 | 033700 | 037620 | 042799 | 048064 |
| 002912 | 007822 | 012772 | 017573 | 023205 | 028594 | 033719 | 037643 | 042832 | 048087 |
| 002944 | 007868 | 012918 | 017604 | 023217 | 028751 | 033790 | 037693 | 042837 | 048179 |
| 003015 | 007997 | 013051 | 017633 | 023296 | 028824 | 033808 | 037758 | 043045 | 048184 |
| 003029 | 008024 | 013057 | 017650 | 023395 | 028842 | 033939 | 037914 | 043047 | 048210 |
| 003051 | 008037 | 013114 | 017680 | 023397 | 028851 | 033990 | 037947 | 043049 | 048273 |
| 003126 | 008196 | 013315 | 017684 | 023432 | 028920 | 034065 | 037955 | 043051 | 048278 |
| 003130 | 008369 | 013419 | 017726 | 023695 | 028952 | 034084 | 037989 | 043109 | 048448 |
| 003315 | 008373 | 013433 | 017831 | 023732 | 028978 | 034090 | 038005 | 043142 | 048456 |
| 003316 | 008537 | 013543 | 017834 | 023770 | 029114 | 034135 | 038006 | 043286 | 048623 |
| 003385 | 008590 | 013558 | 017835 | 023788 | 029117 | 034180 | 038015 | 043404 | 048638 |
| 003421 | 008591 | 013611 | 017986 | 023857 | 029210 | 034217 | 038061 | 043435 | 048661 |
| 003438 | 008641 | 013621 | 018055 | 023862 | 029215 | 034242 | 038102 | 043466 | 048666 |
| 003494 | 008702 | 013649 | 018219 | 023981 | 029231 | 034253 | 038121 | 043478 | 048770 |
| 003571 | 008767 | 013679 | 018223 | 024041 | 029290 | 034338 | 038198 | 043508 | 048794 |
| 003585 | 008789 | 013789 | 018317 | 024075 | 029352 | 034361 | 038215 | 043536 | 048800 |
| 003658 | 008876 | 013860 | 018356 | 024147 | 029528 | 034364 | 038263 | 043604 | 048806 |
| 003780 | 008894 | 013884 | 018383 | 024186 | 029552 | 034406 | 038267 | 043717 | 048839 |
| 003798 | 008897 | 013952 | 018432 | 024212 | 029553 | 034421 | 038340 | 043721 | 048924 |
| 003870 | 008901 | 013974 | 018490 | 024429 | 029585 | 034493 | 038468 | 043727 | 048932 |
| 003893 | 008913 | 013976 | 018532 | 024522 | 029612 | 034495 | 038500 | 043888 | 048990 |
| 003910 | 008934 | 013981 | 018540 | 024526 | 029626 | 034511 | 038516 | 044007 | 049015 |
| 004003 | 008944 | 014012 | 018548 | 024570 | 029658 | 034515 | 038662 | 044217 | 049054 |
| 004117 | 008962 | 014027 | 018564 | 024588 | 029760 | 034520 | 038677 | 044238 | 049068 |
| 004119 | 008988 | 014043 | 018630 | 024699 | 029775 | 034541 | 038710 | 044280 | 049136 |
| 004226 | 008992 | 014067 | 018696 | 024742 | 029839 | 034551 | 038763 | 044290 | 049159 |
| 004248 | 009064 | 014073 | 018825 | 024752 | 029851 | 034552 | 038796 | 044305 | 049270 |
| 004269 | 009152 | 014146 | 018838 | 024772 | 029867 | 034563 | 038834 | 044344 | 049325 |
| 004278 | 009192 | 014189 | 018846 | 024894 | 029890 | 034594 | 038861 | 044352 | 049333 |
| 004301 | 009195 | 014224 | 018849 | 024947 | 029918 | 034623 | 038977 | 044470 | 049384 |
| 004316 | 009258 | 014241 | 018853 | 025063 | 029973 | 034708 | 039047 | 044496 | 049405 |
| 004337 | 009278 | 014296 | 018893 | 025098 | 030048 | 034709 | 039250 | 044518 | 049428 |
| 004360 | 009324 | 014312 | 018909 | 025137 | 030064 | 034831 | 039284 | 044544 | 049439 |
| 004413 | 009333 | 014343 | 019027 | 025192 | 030070 | 034880 | 039299 | 044670 | 049511 |
| 004439 | 009334 | 014413 | 019037 | 025216 | 030150 | 034892 | 039342 | 044672 | 049581 |
| 004470 | 009429 | 014482 | 019049 | 025268 | 030185 | 034923 | 039353 | 044733 | 049594 |
| 004582 | 009430 | 014516 | 019126 | 025303 | 030224 | 034946 | 039377 | 044777 | 049596 |
| 004598 | 009461 | 014598 | 019158 | 025318 | 030245 | 035081 | 039591 | 044799 | 049607 |
| 004620 | 009492 | 014773 | 019170 | 025344 | 030310 | 035120 | 039604 | 044804 | 049653 |
| 004630 | 009537 | 014792 | 019241 | 025425 | 030452 | 035128 | 039634 | 044924 | 049674 |
| 004684 | 009600 | 014824 | 019290 | 025463 | 030557 | 035168 | 039669 | 044953 | 049745 |
| 004696 | 009606 | 014856 | 019293 | 025477 | 030625 | 035192 | 039697 | 045197 | 049783 |
| 004778 | 009640 | 014949 | 019391 | 025503 | 030629 | 035242 | 039770 | 045198 | 049814 |
| 004801 | 009701 | 014967 | 019395 | 025535 | 030841 | 035331 | 039867 | 045214 | 049838 |
| 004868 | 009747 | 014979 | 019401 | 025570 | 030862 | 035334 | 039925 | 045290 | 049869 |
| 004883 | 009871 | 015025 | 019524 | 025708 | 030881 | 035343 | 040039 | 045476 | 049921 |
| 004890 | 009947 | 015031 | 019581 | 025752 | 030885 | 035368 | 040056 | 045516 | 049925 |
| 004913 | 010000 | 015058 | 019688 | 025860 | 031057 | 035397 | 040057 | 045522 | 049931 |

# ТҰТЫНУШЫЛАР ТІЛЕГІ

Жуырда Петропавл аудандық тұтынушылар одағының есеп беру -сайлау жыйналысы болып өтті. Баяндамашы және жарыссөзде сөйлеушілер 1953 жылы ауданда сауда жүйесінің кеңейтілгендігін атап көрсетті. Жаңадан селолық 6 магазин ашылды, қәзір сауда орны жұмыс істемейтін бірде- бір елді жер жоқ. 1952 жылмен салыстырғанда өткен жылы аудан еңбекшілеріне 234 мың сомның товары артық сатылды.

Ново- Павлов селолық Советі аткомінің председателі Жакиянов жолдас тұтынушылар одағы басқармасын құрылыс және электр материалдарың сатуды ұйымдастырмағаны үшін әділ сынады.

— Ново- Павлов селолық Советіндегі колхоздар толық электрлендірілді, —деді ол, —бірақ, магазиндерде электр лампалары сатылмағандықтан көп реттерде электр жарығынсыз отыруға тура келеді.

Фурманов атындағы колхоздың партия ұйымының секретары Яговитин жолдас тұтынушыларға товарлардың жеткізіліп берілуі қанағаттанғысыз екендігіне тоқтай келіп, ыдыс -аяқтар мен ет турайтын машиналар сыяқты товарлардың селолық магазиндерге жеткізілмей отырғанын, ал, ондай товарлардың аудандық тұтынушылар одағының қоймасында көп уақыттан бері жатқандығын айтты.

Сондай- ақ тұтынушылар одағы тұз, керосин, сабын сыяқты күнбе-күнгі тұрмысқа қажетті товарлардың колхоздарға үнемі жеткізіліп тұруын қамтамасыз ете алмай келеді.

Жыйналысқа қатысушылар ауыл-селода кооператив саудасын жақсарту жөнінде бірқатар ұсыныстар енгізді.

Жыйналыс аудандық тұтынушылар одағы басқармасының жаңа құрамын сайлады.


## Киноларда

**«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА**

**«ВАССА ЖЕЛЕЗНОВА»**

атты көркемсуретті жаңа фильм.
Сеанстар сағат 6,30-8,30-10,30-та басталады.

**«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА**

**«ЖАСАУЛЫ ТОЙ»**

Сеанстар сағат 4-6,20-8,40-10,40-та басталады.



**РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ:** Қазақ ССР, Петропавл қаласы. Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі— 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы —4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 00470. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.